

## «Арай» балабақшасы өндірістік жиналысының

### Хаттамасы

Қазан «    » 2022ж

Қатысқандар:

Күн тәртібі:

1. Балабақшада балалардың қатысуы және күнделікті қатысу есебі бойынша құжаттарды жүргізу күйіне сараптама (Есеп).

2. Топтағы санитарлық эпидемиологиялық нормалардың орындалуы.

Сөйлегендер:

**Сейсембиева Л.Ш.- меңгеруші:**

Балалар тәуліктің белсенді уақытының көбін оқу-тәрбиелеу мекемесінде өткізеді, сондықтан олардың жоспарлануы мен гигиеналық жағдайлары оқу-тәрбиелеу процесінің оңтайлы жағдайын қамтамасыз ететін, балалардың жан-жақты дамуына және денсаулығын нығайтуына ықпал ету керек.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9шілдедегі №59 бұйрығымен «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларын бекіту туралы» ережелерін оқып талқыланды.

**Бегімбетова Г.-медбике:**

Бақшаның жер учаскесіне ғимаратқа, тамақтандыруды ұйымдастыруға, ауа арқылы жылыту режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, медициналық және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар туралы айтты.

**Еркінбекова А.-аспазшы:**

Ас блогы тағамды дайындау және өңдеу үшін электрлік құрал-жабдықтар жақсы жұмыс жасап тұр. Бөлшектеуге арналған тақтайлар және арнайы пышақтар, олардың белгіленуі сақталу шарттары және залалсыздандыруы қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес. Ас блогы күн сайын жуылып тазаланады, ал айына бір рет күрделі жинап-тазалау жұмысы жүргізіледі.

**Рахматулла З.- тәрбиешінің көмекшісі:**

Топтардағы ұйықтайтын бөлме, ойын бөлмесіндегі, әжетқананың жайы туралы ауызша түсінік есеп берді.

**Жанибекова А.- шаруашылық меңгерушісі қызметін уақытша атқарушы:**

Кір жуатын бөлменің жұмысы, ыдыс-аяқтар мен жиһаздарға байланысты ауызша есеп берді. \*

**Қаулы етті:**

1. «Мектепке дейінгі ұйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» туралы санитарлық ережелер мен нормаларды сақтау.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларды гигиена бойынша оқыту мен тәрбиелеудің негізгі бөлімдерінің орындалуын қалыптастыру.

**Балабақша меңгерушісі:**



**Сейсембиева Л.Ш.**

**Хатшы:**

**Жанибекова А.Қ.**



**«Арай» бөбекжай-балабақшасының өндірістік жиналысының хаттамасы**  
**Қыркүйек «    » 2022ж**

Қатысқандар:

Күн тәртібі:

- 1. Жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы.**
- 2. Білім беру мекемесінде МДМ түлектерін анықтау қорытындысы.**
- 3. Балалардың физикалық денсаулығын тексеру қорытындысы (есеп).**
- 4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс ережесімен таныстыру.**

Сөйлегендер:

**1. Сейсембиева Л.Ш.- меңгеруші**

Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығының өткен жылдағы МДҰ-ның қорытындысындағы кемшіліктердің болмауын басшылыққа алуымыз керек. Білім беру салалары бойынша балалармен жұмыс нәтижелілігінің экранын қамтып, жаңа оқу жылына арналған қызмет міндеттерін айқындайық. Алынған нәтижелерді алып және олар бойынша ұжым алдағы жаңа оқу жылында істейтін негізгі бағыттарды қалыптастырайық. Осыған байланысты жаңа оқу жылына дайындық қорытындысын бере кетейін.

**2. Әдіскердің жұмысы:**

Негізгі- шараларды, қызмет түрлерін, нақты орындаушылар мен орындау мерзімдерін белгілеу жоспарлаудың мәні. Осыған байланысты жаңа оқу жылына дайындық жылдық жоспар жазудан басталады. Жоспардың кез келген нысаны кезінде өткен оқу жылындағы жұмыстар толықтырылып өңделеді. Оқу жылына әдістемелік жағынан орта деген бағамен дайындық екенін айтып кетті. Тәрбиеші кадрлардың сапасы орта, сабақтар өз дәрежесінде өткізілмейтіні ескерте кетті.

**Сейсембиева Л.Ш.-меңгеруші:**

-Осы 2022-2023 жылдары бірнеше кадрды өз білімін жетілдіру курсына жіберетіні туралы айтып кетті.

-Білім беру мекемесінде МДМ түлектерін анықтау бойынша қорытынды жұмыс жүргізілді.

Балабақшада үш топ жұмыс жасайды. Олар жас ерекшеліктеріне байланысты толықтырылып, өз дәрежесінде жұмыс жасауда. Тәрбиешілер баланы қарауды, ұйымда ұстауды, тәрбиелеу мен оқытудың талап етіп отырамыз.

**3. Балалардың денсаулығы туралы қорытынды.**

**Бегімбетова Г. – медбике:**

Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту бойынша жұмыстарды жүйелендіру, балалардың физикалық дамуын, медициналық педагогикалық бақылау балалар жұқпалы ауруларының, тағамнан ууланудың, балалардың өмірін қорғау бойынша нұсқаулықтардың, тамақтың колориясын сақтау, нормаға сай болуы туралы есеп беріп шықты.

**Жарыссөз: Жанибекова А.- тәрбиеші:**

Бөбекжай жаңа оқу жылына өз дәрежесінде дайын. Топтардың барлығында стол, орындық, шкафтармен жабдықталған. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық ойыншықтар, ойындар берілген.

**Шабдан А.- тәрбиеші:**

Жаңа оқу жылына жылдық жоспар құрылып, оқуға пайдаланатын көрнекіліктер толықтырылып, топтардың іші өз дәрежесіне сай жабдықталып, дайындалды.

**Сейсембиева Л.Ш.:**

Қазақстан Республикасының сыбаылас жемқорлыққа қарсы комплеанс ережесімен таныстырып, талқыланды. Танысқаны туралы белгі парағына қол қойылды. Қосымша №3.

**Қаулы етті:**

1. Балабақшаның 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары **БЕКІТІЛСІН.**
2. Білім беру мекемесінде МДМ түлектерінің анықталуы жұмысы бойынша қанағаттандыру деген баға **БЕРІЛСІН.**

Балабақша меңгерушісі:



Сейсембиева Л.Ш.

Хатшы:

Жанибекова А.Қ.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс ережесімен таныстым:

1. Сейсенбаева С.С. *Сейсен*
2. Абилмаев А.М. *Абил*
3. Қамбарбаева А.К. *Қамбар*
4. Қурманжан Н.Ж. *Қурман*
5. Бегимбетова Т.М. *Бегим*
6. Еркінбаева Д.О. *Еркін*
7. Рыскулова Н.А. *Рыскулов*
8. Ретай А.Б. *Ретай*
9. Сәтжанов М.С. *Сәтжанов*
10. Ержанов Д.С. *Ержанов*
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_